

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 27 наурыз

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар!

Өздеріңізге белгілі, бүгін Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қатысуымен Қазақстан халқы ассамблеясы сессиясының жалпы отырысы өтті.

Жиында Президент қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз етуге арналған бірқатар міндеттерге тоқталды. Сенат үшін бұл сала басым бағыттардың бірі екенін жақсы білесіздер. Қазіргі таңда Қазақстан халқы ассамблеясының өкілдері – бес әріптесіміз және басқа да сенаторлар этносаралық ынтымақтастықты арттыруға бағытталған жұмыстарға белсенді қатысып келеді. Алдағы уақытта да Сенат қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті одан әрі нығайтуды көздейтін шараларды іске асыруға өз үлесін қоса береді. Осы жолда бәріміз бірлесіп, нәтижелі еңбек етеміз деп сенемін.

Құрметті әріптестер, енді жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «1996 жылғы 26 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «1996 жылғы 26 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық

көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Аталған шарт 1997 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған.

Заң тараптар арасында көрсетілетін азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмектің тәртібі мен талаптарын нақтылауға және екі ел азаматтарының құқықтарын қорғауға бағытталған.

Шартқа келесідей өзгерістер мен толықтыруларды енгізу ұсынылған:

шарттың тиісті бабына өзара құқықтық көмек көрсету кезіндегі қатынастарды жүзеге асыратын құзыретті органдарды айқындауды және ол жайында дипломатиялық арналар арқылы хабардар етуді көздейтін норма енгізу;

екі мемлекеттің қолданыстағы заңдарындағы өзгерістерге байланысты «сот шешімдері» терминіне қосымша «сот бұйрығы» түсінігін енгізу арқылы сот шешімдерін орындау және берешектерді өндіріп алу мәселелеріне қатысты рәсімдерді реттеу;

сондай-ақ қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету мәселелеріне қатысты құзырет Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына берілуіне байланысты шарттың 28-бабының күшін жою ұсынылып отыр;

сонымен бірге ішкі істер органдары құзыретінің кейбір саладағы өзгеруіне байланысты шарттың тиісті бабына түзетулер енгізілген.

Ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтырулар шарттың әрекет етуі мен құқықтық қатынастарды реттеу мүмкіндіктерін кеңейтетін болады.

Ресми мәліметтерге сәйкес 2022 жылы Қырғызстан тарапынан құқықтық көмек көрсету жөнінде 373 сұраныс болса, біздің елімізден Қырғыз Республикасының құзырлы органдарына 304 сұраныс жолданған. Оның негізінен көпшілігі қанағаттандырылып, үшеуіне ғана заңға сәйкес бас тартылған.

Сондықтан аталған шарт азаматтарға шетелде кейбір жағдайлар туындаған кезде қажетті құжаттарын рәсімдеу және қол жеткізу тұрғысынан өте маңызды деп есептеймін.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңға сәйкес хаттама ратификациялауға жатады.

Хаттаманы ратификациялау Қазақстан мен Қырғызстан азаматтарына құқықтық көмек көрсету саласындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ықпал ететін болады.

Сенат комитеттерінен заң бойынша ұсыныстар мен ескертулер болған жоқ.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «1996 жылғы 26 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Әділет вице-министрі Ботагөз Шаймарданқызына.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері құқықтық көмек көрсету саласындағы өзара іс-қимылды реттеу мақсатында барлық елдермен қарым-қатынас орнатуда. 1993 жылы ТМД елдері азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Минск конвенциясын, одан кейін 2002 жылы Кишинев конвенциясын қабылдаған болатын. Азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізу саласында шарттық-құқықтық қатынастар орнатылған елдердің саны жыл сайын артып келеді.

Бүгінгі таңда азаматтық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы 17 халықаралық шарт негізінен Азия және ТМД елдері арасында ратификацияланған, бірақ Еуропа елдерімен мұндай шарттар іс жүзінде жоқ. Себебі неде?

Мысалы, қылмыстық істер бойынша Еуропаның Франция, Италия, Болгария, Монако, Солтүстік Македония және тағы басқа елдерімен келісім бар. Азаматтық істер бойынша неге олармен келісім жасалмаған? Осы бағытта жұмыстар атқарылып жатыр ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әділет вице-министрі Жақселекова Ботагөз Шаймарданқызы, жауап беріңіз.

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Иә, бүгінгі күні Еуропа мемлекеттерімен азаматтық істер бойынша құқықтық көмек бойынша шарт жасалмаған. Өйткені Еуропа елдері оны жасауға ниет танытпайды. Бірақ біз жұмысты жалғастырып жатырмыз. Мысалы, қазіргі күні Италиямен, Хорватиямен тиісті шаралар жүргізілуде.

Сонымен қатар біздің еліміз Гаага конференциясының халықаралық жеке құқық бойынша қатысушысы. Осы конференцияға 82 мемлекет және Еуропа одағы кіреді. Осыған байланысты азаматтық немесе сот құжаттарын тапсыру бойынша көмек Гаага конференциясының шеңберінде жүзеге асырылады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Рысбекова Ләззәт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Әділет министрлігінің және Бас прокуратураның өкілдеріне.

Договор между Республикой Казахстан и Кыргызской Республикой об оказании взаимной правовой помощи по гражданским и уголовным делам ратифицирован в 1997 году. Согласно договору две страны оказывают взаимную помощь, в том числе путем признания, исполнения судебных решений, предоставления необходимых материалов, розыска и выдачи лиц, совершивших преступления, а также предусматривается передача денег и материальных ценностей, добытых преступным путем.

Прошло уже 26 лет. Насколько эффективной была взаимопомощь между двумя странами? Возникали ли проблемы при оказании правовой помощи с нашей стороны? Были ли случаи возврата материальных ценностей либо денег?

ТӨРАҒА. Ботагөз Шаймарданқызы, алдымен сіз жауап беріңіз.

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Ләззат Тұяқбайқызы, сұрағыңызға рақмет.

Да, действительно, договор достаточно длительное время функционирует. Можно назвать работу достаточно эффективной, соглашение у нас рабочее. Ежегодно на постоянной основе происходит обмен справками, ходатайствами. Как было сказано докладчиком, за 2022 год поступило более 300 ходатайств и справок со стороны Министерства юстиции Кыргызстана в адрес Казахстана. В основном запросы касались актов гражданского состояния, были отдельные вопросы по лицензированию, регистрации прав на недвижимое имущество. Со своей стороны мы тоже в адрес Кыргызстана направляем запросы, касающиеся апостилирования, актовых записей, вот такого рода документы. Спасибо.

ТӨРАҒА. Бас Прокурордың орынбасары Шындалиев Әсет Қазақбайұлы, жауап беріңіз.

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

В сфере уголовно-правового сотрудничества у нас налажено тесное взаимодействие с нашими кыргызскими коллегами. Фактов того, что они не исполняли наших следственных поручений или просьб о правовой помощи, не было. Никогда друг другу никаких препятствий мы не создавали. К примеру, за последние 10 лет кыргызская сторона у себя провела розыск, нашла, задержала и выдала Казахстану 134 преступника, которые скрывались на территории Кыргызстана. В целом работа проводится.

Что касается передачи материальных ценностей либо денежных средств, пока по таким фактам ни казахстанская сторона, ни кыргызская сторона не обращались.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНІСОВ Т.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Бас прокуратура өкіліне.

Шарттың 8-бабының 5-тармағына сәйкес тапсырманы алған күннен бастап бір ай мерзімде сұрау салынатын мекеме оны орындауы қажет. Бірақ шартта мұндай мерзімдерді бұзғаны үшін жауапкершілік белгіленбеген. Сондай-ақ 13-баптың 3-тармағының нормасына сәйкес куә, жәбірленуші немесе сарапшы сұрау салушы тараптың аумағынан оның қатысуының бұдан былай қажеттілігі жоқ екендігі туралы хабарлама алғаннан кейін 15 күннен соң кетуі тиіс. Осыған байланысты сұрау салушы тараптың құзыретті органдары құқықтық көмек жасауға, яғни жол жүру, тамақтану және тұруға байланысты шығыстарды қаржыландыруын тоқтатады. Осы орайда сұрақтар туындайды.

Тапсырмаларды орындау мерзімдерін бұзғаны үшін және қаржыландыруды тоқтатумен байланысты шешілмеген жағдайлар бойынша сіздерде статистика бар ма? Және мұндай дауларды шешу тетігі қандай? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ШЫНДАЛИЕВ Ө.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

Біз де, Қырғызстан тарапы да салған сұрауларды уақытылы және сапалы орындауға тырысамыз.

Мерзімдері тек бұл шартпен ғана реттелмейді, бізде тағы құқық қорғау, құқықтық көмек көрсету туралы 2002 жылы Кишиневте жасалған конвенция бар. Оны Қазақстан да, Қырғызстан да ратификациялаған. Сол конвенцияға сәйкес мерзімдер ұлттық заңнамамен бекітіледі деген. Ол конвенцияда мерзімдерді тағы ұзартуға болады деген. Бізде осы күнге дейін мерзімдерін бұзу фактілері болмаған. Қаржыландыру туралы да даулар туындамаған.

Сіз дұрыс айтып отырсыз, Қазақстанның құқық қорғау органдары сұрау салып Қырғызстаннан сарапшыны, куәгерді алғызып осы жерде солармен жұмыс істеуге құқығы бар. Бірақ осы айтылған конвенцияға сәйкес біздің қызметкерлер де Қырғызстанға барып, сол жақтағы сарапшылармен, куәгерлермен жұмыс істей алады, Қырғызстан бізге рұқсат берсе. Осы мәселеде қазіргі таңда Қырғыз Республикасының құқық қорғау органдарымен ешқандай проблемалар жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Нұрлан Құдиярұлы, орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

Сөз депутат Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы қылмыстық-құқықтық, азаматтық, саяси, әскери салалардағы ынтымақтастық қолданыстағы халықаралық шарттар шеңберінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы шарт 1997 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының заңымен ратификацияланған.

Бүгін осы аталған шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы заңды қарастырып отырмыз.

Шартқа өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы соттарының, шет мемлекеттер соттарының тапсырмалары бойынша құқықтық көмек көрсету жөніндегі функцияларды, шешімдерді орындауға байланысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін және соттардың өзге де ресми құжаттарын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құзыретіне беру бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістеріне байланысты енгізілді.

Хаттамада құқықтық көмек көрсету тетігін бекіту көзделген, ол өз заңнамасының талаптарын сақтай отырып, азаматтық және қылмыстық істер бойынша бір-біріне өзара құқықтық көмек көрсету бөлігінде шартты одан әрі іске асыруға бағытталған.

Екі ел арасындағы бұл хаттама 2022 жылғы 26 мамырда Бішкек қаласында жасалды. Әріптесім өз сөзінде заңның басты ережелерін және шарт шеңберінде екі ел арасында жемісті ынтымақтастық жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Осыған орай мен осы ұсынылған заңды қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«1996 жылғы 26 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, бұл хаттама Қазақстан мен Қырғызстан арасында азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету кезіндегі жекелеген мәселелерді нақтылайды. Алдағы уақытта осы заң екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселе толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа бағытталады.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазіргі уақытта Алматы облысында су беру инфрақұрылымымен қамтылған суармалы жерлердің ауданы 326 мың, ал Жетісу облысында 200 мың гектарды құрайды. Алайда аталған өңірлерде ауыл шаруашылығы үшін су көздерін пайдалану және суармалы жерлердің тиімділігі мен көлемін арттыруға қатысты біршама мәселелер баршылық. Атап айтқанда, олар келесідей.

Бірінші. Жетісу облысының Панфилов ауданындағы жүгері дақылын өсірумен айналысатын шаруалар трансшекаралық Қорғас, Өсек, Тышқан өзендерінде су қоймаларын салу маңызды деп санайды. Егер осы игілікті істі инновациялық технологиялар арқылы жүзеге астыратын болсақ, бұл су қоймаларындағы жиналған су деңгейін бірқалыпты ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Екінші. «Сорбұлақ» жинақтағышының су қоймасы мәселесі. Жазғы уақытта Алматы қаласынан келетін сарқынды су Іле ауданының 3,5 мың гектар жерін «Қосөзен» каналы арқылы суару үшін пайдаланылады және «Сорбұлақ» сорғы станциялары арқылы Жамбыл ауданының 2,7 мың гектар жерлерін суарады. «Алматы су» мекемесі судың

негізгі көлемін жинақтағышқа емес, шағын тоғандар пайда болған оң жағалаудағы Сорбұлақ каналына ағызып жібергендіктен жазғы кезде су тапшылығы орын алып, шаруа қожалықтарының наразылығын тудыруда.

Үшінші. Ақдала және Қаратал суармалы алқабына су беру Тасмұрын және Бақанас магистральді каналдары бойынша өз бетімен ағу арқылы жүзеге асырылады. Бұл каналдар өткен ғасырдың 70-80-ші жылдары пайдаланылуға берілген. Мұнда ішкі шаруашылық коллекторлық желісінің техникалық жағдайы заманауи инженерлік жүйеге қойылатын талаптарға сәйкес келмейді.

Төртінші. Су шаруашылығы ұйымдары мен «су тұтынушы» ауыл шаруашылық субъектілері арасындағы ауыл шаруашылық алқаптарын суаруға су беру мәселелері бойынша реттейтін тиісті заңнамалардың болмауы. Атап айтқанда, су беру қызметтеріне арналған шарт екі ғана субъектінің арақатынасын реттейді, ал бір каналдың бойында суарылатын жер учаскелері бар бірнеше субъектілер орналасқан. Егістіктері каналдардың басында орналасқан диқандар сумен қамтамасыз етілсе, ал жер учаскелері төменгі бөлікте орналасқандары су тапшылығына тап болады.

Бесінші. Сарқынды суларды ауыл шаруашылығы мақсатында пайдалану және оларды есептеу әдістемесі қолданымдағы су заңнамаларымен реттелмеген және де су үнемдеудің ғылыми-әдістемелік және технологиялық негіздемелерін енгізу жұмыстары өте баяу жүргізілуде.

Осыған орай көтеріліп отырған мәселенің аса маңыздылығын ескере отырып, Үкімет тарапынан келесі іс-шараларды қабылдауды сұраймын:

1) Қорғас, Өсек, Тышқан өзендерінің мүмкіндіктерін ескере отырып, осы өңірде су қоймаларын салу мәселесін қарастыру;

2) Қапшағай су қоймасынан суаруға су алып отырған Шеңгелді алқабының суландыруды азайту мақсатындағы сорғы станцияларының ұзындығы 300-350 метр балық қорғау құрылысын жайластыра отырып, құбырлар бойынша келтіруші каналдарды жүргізу құралдарымен қамтамасыз ету;

3) өзеннің суын ұтымды пайдалану мақсатында Іле, Ақдала және Қаратал суармалары алаңдарындағы шаруашылық ішкі коллекторларын шөгінділерден, лайланудан, қамыс пен құрақтан тазарту арқылы механикалық жұмыстарды жүргізу;

4) су заңнамаларын жетілдіру, яғни бір суару каналында немесе соның бөлігінде орналасқан екі және одан көп жер пайдаланушыларға тиесілі суармалы алқаптарды суару үшін суару каналын пайдаланудың тәртібін белгілейтін ережені бекіту және де сарқынды суларды ауыл шаруашылығы мақсатында пайдалану және оларды есептеу әдістемесін әзірлеу.

Депутаттық сауалды заңда белгіленген мерзімде қарап, нәтижелері туралы жазбаша жауап беруіңізді сұраймын».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Слово предоставляется депутату Ниязовой Нурие Исмагиловне.

НИЯЗОВА Н.И. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! Как известно, специализированные дома ребенка – это особые учреждения здравоохранения, в которых воспитываются, получают комплексную медико-психолого-педагогическую помощь, реабилитацию и социальную адаптацию дети-сироты, дети, оставшиеся без попечения родителей, имеющие различные заболевания, и наряду с медицинскими специалистами работают педагоги: логопеды, психологи, воспитатели, старший воспитатель, методист- педагог, Монтессори-педагог, музыкальный руководитель, которые имеют педагогическое образование и занимаются воспитанием и оказанием медицинской помощи детям-сиротам и детям, оставшимся без попечения родителей, в том числе детям с органическим поражением центральной нервной системы, с дефектами умственного и физического развития.

Имея профильное педагогическое образование, в целях поддержания и развития ранее приобретенных профессиональных компетенций данная категория педагогов проходит соответствующие педагогические курсы повышения квалификации, однако они не включены в Закон Республики Казахстан «О статусе педагога».

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2015 года № 1193 «О системе оплаты труда гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий» (внесены поправки от 16 января 2023 года) должностные оклады педагогов организаций образования, работников управленческого, основного персонала государственных организаций, медико-социальных учреждений стационарного и полустационарного типов, организаций надомного обслуживания, временного пребывания, центров занятости определяются с применением поправочного коэффициента и в зависимости от их должностей.

Однако в Законе Республики Казахстан «О статусе педагога» отсутствуют педагоги сфер здравоохранения и социальной защиты домов ребенка, выполняющие функции по воспитанию и развитию детей раннего возраста.

Уважаемый Алихан Асханович, прошу поручить соответствующим министерствам включить специалистов организаций здравоохранения, осуществляющих свою деятельность в сфере охраны материнства и детства, медико-социальных учреждений стационарного и полустационарного типов, организаций надомного обслуживания, временного пребывания, центров занятости в Закон Республики Казахстан «О статусе педагога» для поднятия их социального и материального статуса.

Кроме того, поручить Министерству труда и социальной защиты населения Республики Казахстан рассмотреть вопрос о едином поправочном коэффициенте к установленным размерам должностного оклада, что позволит получить им равные права и возможности.

В соответствии со статьей 27 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» прошу о результатах рассмотрения депутатского запроса дать письменный ответ в установленный законом срок.

С уважением, депутаты Ниязова, Большерт, Кузиев, Сатвалдиев, Шиповских». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа бағытталады.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Өзіңізге белгілі, қазіргі уақытта Қызылорда облысында мұнай өндіру көлемінің төмендеу үрдісі байқалуда. Соңғы сегіз жылда мұнай өндіру 60 пайызға қысқарды. Облыста 2013 жылы 10,5 миллион тонна мұнай өндірілсе, 2023 жылы болжамды деректер бойынша 3,5 миллион тоннаны құрады.

Қызылорда облысындағы мұнай өндіруші компаниялар өндірілген мұнай өнімдерінің 80 пайызын ішкі нарыққа, қалған 20 пайызын экспортқа өткізуде. Мұнайдың ішкі нарықтағы құны екі есе төмен екені белгілі.

2017 жылдан бері Энергетика министрлігі Қызылорда облысына экспорт квотасын ұлғайту мәселесі «Кенкияқ-Атырау» реверсі жобасы іске қосылғаннан кейін ғана техникалық тұрғыдан мүмкін болады деген ұстанымда болып келді. Бұл жоба Қызылорда облысының жер қойнауын пайдаланушыларының ішкі нарыққа мұнай жеткізу жүктемесін 80 пайыздан 50 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік беруі тиіс еді. Алайда 2021 жылы аталған реверс қолданысқа берілгенімен Энергетика министрлігі Қызылорда облысында мұнай көлемінің сарқылуына байланысты квотаны ұлғайтудың мүмкіндігі жоқ екендігін білдіріп отыр. Демек Энергетика министрлігі Қызылорда облысындағы мұнай қоры бойынша болжамды есебін неге дұрыс жоспарламаған деген сұрақ туындайды.

Осы ұстанымның салдарынан өңірдегі мұнай өндіруші компаниялар және олардағы сервистік мекемелер қиын жағдайда қалып отыр. Мұнай сервистік мекемелердің тарифі соңғы он жылда индекстелмеген.

Аталған мәселе Үкімет тарапынан егжей-тегжейлі қаралып, қолдау тапқан жағдайда Қызылорда облысындағы бірқатар өзекті әлеуметтік проблемалардың шешімі табылатыны анық.

Осыған орай Қызылорда облысында мұнай саласында қалыптасқан түйткілді мәселені шешу мақсатында бөлінген мұнай экспорты квотасын 50 пайызға дейін ұлғайту мүмкіндігін қарауды сұраймын.

Құрметпен Р. Рүстемов». Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2023 жылғы 27 наурыз

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «1996 жылғы 26 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений и дополнений в Договор между Республикой Казахстан и Кыргызской Республикой об оказании взаимной правовой помощи по гражданским и уголовным делам от 26 августа 1996 года», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Н.Қ. БЕКНАЗАРОВТЫҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БЕКНАЗАРОВА Н.К. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

АСАНОВА Ж.Б. 3

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. – Қазақстан Республикасы Әділет вице-министрі, вице-министр юстиции Республики Казахстан 3

РЫСБЕКОВА Л.Т. 3

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. 4

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. – Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары, заместитель Генерального Прокурора Республики Казахстан 4

ЖҮНІСОВ Т.Т. 4

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. 5

ҚАДЫРБЕК М.Б. 5

Депутат Ж.Ә. ЖӨРГЕНБАЕВ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖОРГЕНБАЕВА Ж.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 6

Депутат Н.И. НИЯЗОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НИЯЗОВОЙ Н.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 7


Депутат Р.Р. РҮСТЕМОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата РҮСТЕМОВА Р.Р. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 9

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

 А. Әлиев

Стенографиялау қызметінің басшысы

 Г. Молдашева